

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
ДУКЕН МӘСІМХАНҰЛЫНЫҢ 60 ЖАСЫНА АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҺӘМ САЯСИ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ҚЫРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«КАЗАХСТАН И СТРАНЫ ВОСТОКА: НОВЫЕ ГРАНИ ИСТОРИКО-
КУЛЬТУРНОГО И ПОЛИТИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА»
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ,
ПРИУРОЧЕННОЙ К 60-ЛЕТИЮ ДОКТОРА ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА
ДУКЕН МАСИМХАНУЛЫ**

**«KAZAKHSTAN AND EASTERN COUNTRIES: NEW HORIZONS OF HISTORICAL,
CULTURAL, AND POLITICAL COOPERATION»
PROCEEDINGS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
DEDICATED TO THE 60TH ANNIVERSARY OF DUKHEN MASIMKHANULY,
DOCTOR OF PHILOLOGICAL SCIENCES, PROFESSOR**

Алматы 2023

ӘОЖ 327 (574)
КБЖ 66.4(5Қаз)
Қ 18

*Басып шығаруға ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының ғылыми кеңесімен мақұлданған.*

Редакциялық алқа:

Абусентова М.Х., Белгожа Е.Қ., Джалилов З.Г., Дүйсен Ғ.М., Каримова Р.У.,
Масабаев К.И., Масимханұлы Д., Медерова Д.Е., Саркытқан Қ., Турлыгожаева А.Д.

*Мақалалар авторлық редакцияда ұсынылған. Мақалалардың мазмұнына авторлар
жауапты.*

**«ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҺӘМ САЯСИ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ҚЫРЛАРЫ»** халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясының материалдары;

**«КАЗАХСТАН И СТРАНЫ ВОСТОКА: НОВЫЕ ГРАНИ ИСТОРИКО-
КУЛЬТУРНОГО И ПОЛИТИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА»** материалы
Международной научно-практической конференции;

**«KAZAKHSTAN AND EASTERN COUNTRIES: NEW HORIZONS OF
HISTORICAL, CULTURAL, AND POLITICAL COOPERATION»** Proceedings of
International Scientific and Practical Conference. – Алматы: Р.Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институты, 2023. – 362 б.

ISBN 978-601-08-3469-9

Бұл ғылыми жинақта қазіргі кезеңдегі отандық шығыстану ғылымының даму ба-
ғыттары, сонымен қатар филология ғылымдарының докторы, профессор Дүкен
Мәсімханұлының 60 жас мерейтойына орай, өмірі мен ғылыми шығармашылығы, оның
отандық шығыстану ғылымына қосқан үлесі талқыланады. Сондай-ақ шығыстану тарихының
саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне қатысты жүргізілген ғылыми
ізденістердің тұжырымдары сарапталған.

Конференцияның мазмұнына қазіргі әлемдегі Қазақстан мен Шығыс елдерінің сыртқы
саясаты, қауіпсіздігі және халықаралық ынтымақтастығы саласындағы мамандардың,
сарапшылардың, сондай-ақ жас ғалымдардың ғылыми жұмыстары кіреді.

Жинақ жалпы сыртқы саясат мәселелері саласындағы мамандарға және аймақтық
қауіпсіздік жүйелеріне қызығушылық танытушыларға арналған. Ұсынылған материалдар
жоғарыда аталған бағыттар мен тақырыптар бойынша оқу процесінде, оқулықтар мен
ғылыми бағдарламаларды әзірлеуде пайдалануға болады.

ӘОЖ 327 (574)
КБЖ 66.4(5Қаз)

ISBN 978-601-08-3469-9

© Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану
институты, 2023

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT

Ғалым, ақын, азамат

Әбжанов Х.	
«Қос өркениеттің телқоңыры».....	8
Матыжанов К.	
«Жүрегі «ел» деп соққан азамат»	15
Омарұлы Б.	
«Дүр Дүкен».....	19
Ысқақұлы Д.	
«Дүкеннің шығармашылық дүкені».....	22
Әбдезұлы Қ.	
«Ұлттық құндылықтарға терең тамыр жіберген тұлға».....	26
Мұқаметханұлы Н.	
«Қытай әлемінен Шығыс әлеміне».....	32
Faruk Ateş O.	
«The poetics of kazakh poet Düken Mesimhanuli».....	39
Сыздықов С.	
«Қытайтанудың қыр-сырын білетін азамат».....	61
Сәрсенбаев Н.	
«Нардай бір болған Нақысбек».....	66
Орда Г.	
«Мен – Тәңіртау мұзбалағы».....	73
Сарқытқан Қ.	
«Аударма саласының саңлағы».....	79

Қазақстан мен Шығыс елдерінің тарихи-мәдени сабақтастығы

Masimkhanuly D.	
«Turkological science in China: research on the turkic language and script».....	88
Хизметли С.	
«Ориентализмнің қалыптасуы, дамуы және тармақтары».....	99
Мирзаев Дж. З.	
«Символы как источник изучения идентичности и государственность».....	105
Dr. Kaihe .A «The research on manchu social and cultural history in the history of the qing era, and its structure».....	111
Әләкбәрова Х.Е.	
«Müasir misir әдәбиyyatında gündәм – Qaçqın problemi».....	117
Cümşüdlü R.	
«Füzuli Əl-Bağdadinin әрәbcә poetik irsinin tәdqiqi haqqında».....	121
Hәşimova T. Ә.	
«Qazax yazili әдәbiyyatinin yaranmasi vә dүnya әдәbiyyatina inteqrasiyasi (Abay Kunanbayev yaradiciliği әsasında)».....	124
Dr.Mahmoud Vaezi, Sedigheh Maleklou.	
«Tracing the origins: source analysis and historiography of middle Eastern countries».....	128
Қабадайы О.	
«Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» атты еңбегінің Қазақстан Ұлттық кітапханасындағы нұсқалары».....	131
Каримова Р.У.	
«О переселении уйгуров и дунган из Синьцзяна в Семиречье в конце XIX века».....	135
Кожирова С.Б.	
«Синьцзян: этносы и языки».....	142
Торланбаева К.У.	

МЕН – ТӘҢІРТАУ МҰЗБАЛАҒЫ (Дүкен Мәсімханұлы – 60 жас)

Орда Г.

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының бас ғылым қызметкері,
филология ғылымдарының докторы
(Алматы қ., Қазақстан)*

Қазақ елі егемендік алған кезде тағдыр тауқыметімен көршілес отырған монғол, қытай, қарақалпақ, өзбек елдеріне үдере көшкен бауырларымыз тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуын тілеп ақ жарма тілектерін білдіріп жатты. Көп ұзамай мемлекетіміздің қолдауымен киырда жүрген бауырлардың бірсыпырасы атажұртқа қарай көш басын түзеді. Токсаныншы жылдардың басында Дүкен Мәсімханұлы да алғашқылардың бірі болып ата жұртқа ат басын тіреп еді.

Дүкен Мәсімханұлы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, белгілі ақын, талантты тәржімашы ретінде елге танымал. Қазақ тарихына байланысты қытай елінің мұрағаттарында жатқан тарихи құжаттарды тәпсірлей жүріп, тіл білгенінің арқасында шығыстану ғылымына күн сайын бойлай берді. Ежелгі Үйсін тілінде жазылған «Елжау Күнбидің өсиетін» оқитын шығыстанушы ғалым бүгінде Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры ретінде ғылыми ортаға жақсы таныс.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұлттық әдебиетті зерттеу барысында қазіргі қазақ әдебиетін мазмұны мен түрі жағынан байытып жүрген бір топ қаламгерлердің шығармаларын зерттеу нысанына алған болатын. «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар» атты ұжымдық монографияның «Қазіргі қазақ лирикасы» деген тарауында ақынның шығармашылығы оң бағаланды. «Өз аспаным өзімде» атты жыр жинағына белгілі ақын Н.Айтұлы «Арынды жырдың алкүреңі» деген алғысөз жазыпты. Онда ақын шығармасына: «Ал жүйріктің жүйрігі, ұшқырдың ұшқыры – ақын қиялы. Себебі ақын қиялы үшін қас қағым сәтте кеңістікті көктей өтіп ғарышқа, мұнар шөгін, мүк басқан уақыттың белінен бір-ақ аттап, ту бағзыдағы өткен күнге барып байырқалау түк те емес», – деген баға берген.

Ақынның «Өз аспаным өзімде», «Сап, сап көңілім» жыр жинақтарына ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бері жазылған жырлары жинақталған. Өлеңдерді оқып отырғанда лирикалық кейіпкердің сонау балалық балдәуренінен бастап, бүгінгі жеткен биігіне дейінгі аралықтағы өсу, толығу жолын көруге болады. Оның «Қойым өріп шығатын...» өлеңі сонау балалық шағын еске түсіреді. Лирикалық кейіпкердің Шиліөзекте, Суасу, Бақалықта қой бағып жүргеніне кез боламыз:

*Қоңыр таудың қойнауын сірестіріп,
Саулық сайын қошақан ілестіріп.
Тал-қайыңға жырымды үлестіріп,
Арманыма арымды күнес қылып –
Қой бақтым [1, 104].*

Әр тармақтың соңындағы «сірестіріп», «ілестіріп», «үлестіріп» деген бірыңғай сөйлем мүшелері өзара ұйқасып тұр. Осындай ұйқасқа құрылған өлеңнің әрбір шумағы «Қой бақтым» деген тіркеспен аяқталады. Өлеңге «...Бәрінен де қой бағып, к...н жеген озанды» деген халық мақалын эпиграф ретінде алуы тегін емес. Мал шаруашылығын кәсіп еткен атам қазақ қой баққан адамның тұрмыс-тіршілігі жаман болмайтынын әуелден білген. Сондықтан қойшы болуды ұрпағына өнеге етіп, оны атадан-балаға мирас етіп қалдырып отырған. Сол секілді біздің де лирикалық кейіпкеріміздің сонау жылдардағы қызықты күндерін сағына еске алуы орынды.

Туған жер туралы жырларынан кіндік қаны тамған «Көккемер жайлауы», «Іле өзені», Текес өзені, Шилөзек, Суасу, Бақалық, сияқты жер атаулары ерекше орын алады. Бұл жерлерде лирикалық кейіпкердің балалық шағы өтті, сондықтан ол жерлер қашанда ыстық, қымбат. Лирикалық кейіпкердің ата жұртына деген махаббаты жыл өткен сайын алаулай беретіні анық. Туған жер туралы өлеңдер қатарын «Тартады жаным Алтайға», «Мойылдымен коштасу», Алматы, Сарыарқа, Қарқаралы, Қарағайлы туралы «Қазақстан сапарынан» шоғарлы өлеңдері толықтырады. Бүгінде екі мемлекеттің аумағын қамтитын туған жер туралы өлеңдер жинала келіп, «Туған жер» атты лирикалық поэмаға ұласты. Туған жеріне бар асыл сөзін арнаған ақын елін бәрінен жоғары қойып, ол үшін бәріне де даяр екенін жасырмайды. «Бар менде елім деген жүрек қана» өлеңінде:

«Елім!» деп еңіреймін,

Мейлі түсін, түсінбе мені, мейлің.

Елім деп еңіреуді, от кешуді,

Жанымның жарасының емі деймін [2, 175], – деп елін бәрінен де жоғар қояды. Ақын

үшін ел мен жердің ара жігі жоқ. Ол үшін жер мен ел – біртұтас ұғым.

Қайталаудың әдемі үлгісін «Өмірдің өңі – өңкей жыр» шоғырлы өлеңінен көруге болады. «Қара өлең немесе менің сырым» өлеңінде «қара», «Ақ өлең немесе менің арманым» өлеңінің әр жолында «ақ», «Сары өлең немесе менің сарығым» өлеңінде «сары», «Көк өлең немесе менің рухым» өлеңінде «көк», «Қызыл өлең немесе менің балалық шағым» өлеңінде «қызыл», «Қоңыр өлең немесе менің жаным» өлеңінде «қоңыр», «Күрең өлең немесе менің жырым» өлеңінде «күрең», «Жасыл өлең немесе менің құштарым» өлеңінде «жасыл» сөзінің тармақ сайын, немесе бір тармақта бірнеше рет қайталануы арқылы осы сөздерге көңіл аударған. Шоғырлы өлеңдегі қара, ақ, сары, көк, қызыл, қоңыр, күрең, жасыл түстердің өздеріне тән астарлы ойлары мен бірге халық ұғымына сіңіп қалған таным-түсінігі де бар. Мәселен, қара сөзі негізінен халық, орман, қазақ, қос, нар, өлең, нан, тау, жер тәрізді сөздермен тіркесіп келгенде үлкен қасиеттің эпитеті ретінде берілсе, ақ сөзіне қатысты шаттық, той-думан еске оралады. Сол сияқты сары сөзі сағыныштың белгісі болса, жасыл жастықтың символындай әсер беретіні белгілі. Алайда, ақынның «қызыл» сөзін қызыл империямен байланыстыруы халық ұғымындағы қызыл түсті танытпайды. Қызыл түске малынған қызыл империяның қызыл ұраны да, қызыл туы да қан түсімен түстес келуі оның халықтың қанын судай ағызғанымен ұштастырылған. Осыған қарап отырып, ақынның әр түске қатысты айтары арыда жатқанын аңғаруға болады. Оны мына жолдар растайды:

Қоңыр дүние.

Төсінде қоңыр даланың

Арқалап келем қоп-қоңыр қомын бабаның.

Қоңыр төбелдеу бақытым болғаныменен,

Қоңыр қыстаудың көңіндеі сорым да қалың [1, 114].

Осы шумақтағы «қоңыр» сөздеріне қарап отырып, қоңыр сөзінің қоңырқай ғана тірлікті танытатынын байқасақ, ақынның өз сорын қыстаудың неше қатпар көңіне теңеуі жайлау мен қыстаудың жайын жақсы білетін қазақтың ұғымына жақын сөзбен бейнелеуі – қазақтың әр сөзінің орайын таба қолдану арқылы жаңа тіркес, жаңа образ жасауға болатындығының мысалы.

Осы тәрізді ақын өлеңдерінен ұйқастың әралуан түрін кездестіруге болады. Мәселен, «Мен – қазақпын» өлеңіндегі жеті шумақтың «Мен – қазақпын» деп басталуынан лирикалық кейіпкердің қазақтың тәуелсіздігін, азаттығын мақтан етіп күллі әлемге жар салғанын байқасақ, «Таңданыс» өлеңінің айтары басқа. Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін сыртта жүрген бауырларымыздың «Отаныма туды ғой деп азат күн» («Қазақстаным, қайдасың?») деп, атамекеніне жеткенше асық болғаны бәрімізге белгілі. Ақынның лирикалық кейіпкері – жігіт болып атқа мінген шағында атамекен қайдасың деп Отанына оралғандардың бірі. Алайда кейіпкеріміздің гұмыр бойы көкірегіне шер шөмен болып катқан арманы орындалғаннан кейінгі күйі адам жанын жабырқатары жасырын емес. «Қазақстаным, қайдасың?!» өлеңінде «Шекарадан өтпей тұрған кездегі, Қиялдағы Қазақстан, Ғажап-тып»

деп жырлағандай, ата-баба қонысын аңсап келгенде кеңестік жүйе қалыптастырған қоғам өміріне үрке қарап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды іздегені анық. Миллиардтардың ішінде жүріп ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтаған ағайындардың Қазақстандағы жағдайларға «Келдім-дағы бір күдікке мінгестім» деп, аңсап келген ағайынға үрке қарағаны түсінікті. Ақын сол бір жүдеу көңіл күйін «Таңданыс» өлеңіндегі «кім білген?» деген сауалмен аяқталған әрбір тармаққа сыйғызған:

Оралғанда Отанға –

«Оралман» деп бөлетінін кім білген?

«Өгей бала» көретінін кім білген? [1, 103]

Ақын жүрек әр заттың, әр құбылыстың, әр оқиғаның түп төркініне үңіле жүріп, бәріне де сын көзбен қарады. Жүрек түкпірінен орын алған оқиғаларды сезім күйлеріне орап қағаз бетіне түсіре берді. Сондықтан да ақын шығармашылығынан соңғы отыз жылдың көлеміндегі түрлі оқиғалар орын алған. XX ғасырдың соңғы онжылдығы мен XXI ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ елінде өткен түрлі оқиғалар ақын назарынан тыс қалмады. Оның біріншісі – Қазақстанның астанасы Алматы қаласына деген шексіз махаббат. Аңсап жеткен елінің бар болмысын үлкен шаһармен байланыстыуының сыры да осында. «Алматым арымда», «Алматы көктемі», «Алматы. Абай көшесінде» өлеңдерінен бейтаныс шаһарға келіп үрпий жүрген лирикалық кейіпкерді ақын Абай «Жатырқама, Төрлет!» деп жігерлендіре жебейді.

Кез келген қаламгер өзі өмір сүрген қоғамның шындығын қағаз бетіне түсіріп, оның жанды картинасын жасайды. Сондықтан да оларды өзі өмір сүрген қоғамнан бөлек алып қарауға болмайды. Ел өмірінен үлкен орын алатын тарихи оқиғалар ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болып жатса, соңғы ширек ғасырдағы ел өміріндегі айтулы оқиғалардың қазіргі поэзиядан орын алуы да құптарлық. Суретшілер майлы бояумен сурет салса, ақын-жазушылар қаламмен сурет салатыны белгілі. Сондай елді алаңдатқан аты шулы оқиғаның бірі – Жаңаөзен оқиғасы. «Поэзия – жауынгер жанр» деп жатамыз, оның себебі – не жағдай болғанда да алдымен ақындардың үн қосатындығы. Осы ойымызды ақын Д.Мәсімханұлының «Жаңаөзен» өлеңі растайды. Бұл оқиға қазақстандықтарды ғана емес, күллі әлемді алаңдатқаны белгілі. Жазықсыз жандардың қаны судай аққанын, сұрақсыз-жауапсыз тар қапасақ тоғытылғанын, бейкүнә жандардың мойнына жасамаған қылмыстардың ілінгенін көрген ақын жүректің шарқ ұруы тегін емес. «Махамбеттің намысы боп ояңған» жаңаөзендіктердің мұңын мұңдап, олардың өр рухын қолдаған ақын жалаң қол жауға шапқан боздақтардың қынадай қырылғанына күйінеді. «Жаңаөзен» өлеңінде:

Қара тұман торламай-ақ көгімді,

Қайғы жұттым, қабырғам да сөгілді.

Оғандарым бауырына оқ атты,

Боздақтардың қаны судай төгілді [1, 34], – деп боздап, Махамбеттің намысынан ояңған «Жаңаөзенім – жаңа рух! Жаңа мұң!» деп түйіндейді.

Көріп отырғанымыздай, бұл оқиғаға қатысушылар да, оларға оқ атушылар да өзіміздің халық екенін көргенде неміс басқыншыларымен шайқаста қаза тапқан Әлия, Мәншүк сынды апаларымыздың ақ өлімі еріксіз еске оралады. Жаумен жағаласып шейіт кеткен жанда арман бар ма? Ал, бауырларына оқ атқан батырлардікі не жорық? Осы тәрізді жағдай 2022 жылғы Қаңтар қақтығысында және орын алды. Бүгінде тәуелсіз қазақ елінде осындай адам басына сыймайтын кереғарлықтарды көз көріп, құлақ естіп жатқан жайымыз бар.

Ұлттық поэзиядағы махаббат, туған жер, табиғат жырлары тәрізді мәңгілік тақырыптар ақын шығармаларынан да орын алған. Ол табиғат жырларында жансызға жан бітіре кейіптеуге шебер. «Қыс» өлеңінде:

Аспан тұр бозарып, түшкіріп,

Қалбақтап ұшады кәрі қар.

Күнгеілер есінеп, буланып,

Мүз емшек бұлақтар қызарған.

Қолтығы сәл тершіп, суланып,

Таулардың бойлары ұзарған [2, 21], – деп қыс суретіне жан бітіріп, оны адам кейпінде бейнелейді.

Қазақ поэзиясында адамзат бойындағы кемшіліктерді аң-құстардың, жан-жануарлардың тіршілігімен бейнелейтін мысал өлеңдер, замандастарының бойындағы кемшіліктерді көрсететін сықақ өлеңдер жеткілікті. Дүкен ақын қалыптасқан осы дәстүрге өз үлесін қосқан. «Құзғындар құрылтайы» балладасындағы:

Бұдан былай тек төраға:

«Үш!» десе ұшамыз,

«Құс!» десе құсамыз.

«Жат!» десе жатамыз,

«Ат!» десе атамыз» [2, 64], – деген жолдар билік үшін санасыз әрекеттерге баратын сезімнен жүрдай роботқа айналған замандастарымызды көз алдымызға елестетеді.

Біз өмір сүріп отырған қоғамның күнгейімен бірге көлеңкелі жақтарының ақын жырларына арқау болуы заңдылық. Бүгінгі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігі «Біздің хал», «Нан», «Біздің қоғам», «Құзғындар құрылтайы» өлеңдеріне арқау болған. Ақын «Нан» өлеңінде нанның қадір-қасиетін жеткізе жырлаған. «Мұнай аққан, астық тұнған өлкенің, Адамына нан қайғы! Қызық ә?!» деген жолдардан қазіргі қазақ елінің әлеуметтік тұрмысы байқалады. Жер асты, жер үсті байлықтың ортасында отырған елдің азаматтары өлместің күнін көріп отыруы өкінішті. «Жыла, сұра, Құдайдан, Байға жылап, төрені іздеп сандалма!» деген өлең жолдарын оқып отырғанда, қазіргі таңда көп балалы аналардың әкімшіліктердің алдына барып аштық жариялап, дау шығарып жүретіні ойымызға оралады. Оның айтуынша жер емшегін еміп, ата-баба салтымен мал баққан адамның аш қалмайтыны белгілі. Сондықтан да ақын замандастарын еңбек етуге шақырып, адамнан емес, тек Алладан ғана сұрауды естеріне салады. Атам қазақ «Адамнан сұрағанның екі көзі шығады, Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады» дегенді осындайда айтса керек. Бүгінде бірсыпыра замандастарымыздың Жаратушыны ұмытып, екі аяқты пенделерге табына бастағаны да жасырын емес. Бұл – тәуелсіз қазақ елінің қасіреті.

XXI ғасырда адам баласының пиғылы бұзыла бастауы, «азаттықтың» ауызда ғана айтылып, күніміздің үрейге толы болуы, қорқаулардың күн санап көбейуі, жарлыққа жаны, бай-манапқа пұлы қайғы болуы, заң қызметкерлерінің заңды бұзуы, тоғышарлық пен жемқорлықтың мемлекеттік дәрежеге көтерілуі, жетім-жесірлердің баспанасыз өз елінде босып жүруі – бәрі де қоғам өмірінен алынған өмір шындығының шынайы көрінісі. Өзі өмір сүріп отырған қоғамның қуанышы мен қасіреті, жетістігі мен кемшілігі ақынды бей-жай қалдырмайды. «Біздің қоғам» өлеңіндегі «Ет базарда қасапшы жалғыз ұлын – Сойып сатса қыңбаймыз, шошынбаймыз» деген жолдарды оқып отырғанда қазіргі қоғамның қасіреттері көз алдымызға келеді. Қазіргі таңда адамзат баласын ештеңемен таңқалдыра алмайсың. Адамдардың қатігез, қанішер, жауыз болып бара жатқаны да жасырын емес. Ақын осындай қоғамдағы осындай келеңсіздіктерді тілге тиек ету арқылы біздің сан ғасырлар аңсаған азатдарырақ... Тіл жатыр есеңгіреп, сайда құлап» деген жолдар – бүгінгі таңдағы мемлекеттік да, мемлекеттік тілдің қатынас тілінің тасасында қалып, өз мәртебесіне ие бола алмай жатқаны жасырын емес.

Қазақ поэзиясынан үлкен орын алатын келесі топтағы өлеңдер – арнаулар. Арнаулардың қатарын жекелеген қайраткерлерге арнаған арнау өлеңдері толықтырады. Олардың қатарында «Абай – қазақ», белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, түрколог-ғалым Әділ Ахметов, түрік жұртының ұлы перзенті М.К.Атагүріктің рухына «Түрік туы», мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековке «Абыз», жазушы Бұқара Тышқанбаевтың рухына «Аманат арман», жазушы Ж.Тұрлыбаевқа «Ардақты аға», «Жұлдызға» арнаған арнауларын ерекше атауға болады.

Қазақ поэзиясының арғы-бергі тарихында қалыптасқан өлең үлгісінің келесі түрі –

көңіл айту. Сөз қадірін түсінген халық қара жамылған кісілерге тоқтау айтып, көңіл айтуларын асыл сөзбен жеткізген. Осындай көңіл айтулардың қатарында «Әкелер, асықпаңдар» атты ақын Б.Беделханның әкесіне көңіл айтуын атауға болады

Қолына қалам ұстаған ақын-жазушылардың барлығы дерлік сөз киесіне бас иеді. Сондықтан олардың кез келгені сөз құдіретін жырға арқау еткен. Сол сияқты Дүкен ақын «Жыр-құдірет» өлеңінде Абай, Қасым, Мұқғали сияқты ақындарды тілге тиек ете келіп, «Болса да қанша тозақ, азап өлең, Не көрсем де өлеңді жаза көрем» деп сөз өнерін жоғары бағалайды. Өзіне жоғары талап қоя білетін лирикалық кейіпкер «Цензура» өлеңінде «бір сұлуды әспеттесем деп едім, Аса алмадым Қыз Жібек пен Байннан» деп өзіне жоғры талап қоя біледі. Осындай мысалдарды «Бір көңілді өлең жазсам деп едім...», «Өмірдің өзі өңкей жыр» шоғырлы өлеңдерінен атауға болады.

Қазақ баласының Жаратқан иесіне деген наным-сенімі мен түсінік-пайымы да өлең жолдарынан орын алуы құптарлық. Мәселен, қазақ халқы құрғақшылық жылдары тасаттық жасап, Алладан жауын-шашын сұрайтыны, Хақ Тағаланың өзіне имандай сенген пенделерінің сұрағанын беретіні белгілі. Ел ішіндегі осындай оқиға «Ауыл. Шілде. Тасаттық» өлеңіне негіз болған. «Тораңғы. Жыңғыл тарбиып, Қақтана жатып қалғыды», «Жалындап, жанып тау-тандыр, Қаңырап қалды өзенің», «Қыртысы жердің қақырап, Балқып бір жатты тастар да» деген жолдар сар даланы қуырып бара жатқан құрғақшылықты көз алдымызға елестетеді. Алла Тағалаға қаратыла айтылған мадақ жырлары мен «Жаратқан ием, жаздым хат» деген екі хаттан тұратын шер-толғауында зар еңіреп, Хақ Тағаладан медет сұраған ақынның «Азаттықпен азаймады азабым, Кеше де өгей, бүгін де өгей қазағың» деген жолдарындағы өз елінде, өз жерінде отырған қазақтардың кірмелердің тасасында қалып өгей баланың күйін кешуі жасырын емес. Келтіріген өлең жолдарынан күллі қазақ баласының бүгінгі хал-жағдайы мен мұңдалайды. «Егесіз иттей құным жоқ» деп күйінген лирикалық кейіпкердің қасқырға қойын қаратқандай күй кешуі өкінішті. Ал, барлық мадақтың бір Аллаға қаратыла айтылатындығын «Мадақ жыры», «Құранға» ғана құлақ түр...» тәрізді өлеңдерінен көруге болады. «Жаратқан ием, жаздым хат» өлеңіндегі екі хаттан «Тозақтан бетер өмірім, Тірлікті бүйткен ұрайын» дейтін лирикалық кейіпкердің қоршаған ортадан түңіліп, тығырықтан шығар жол іздеуіне куә боламыз.

Алайда ақын жырларының бәрінде мұң-шер орын алмауы қуантады. «Түріктер және ұлы Даланың көне тарихы» кітабындағы жазбалар «Қытай қорғаны» шығармасына негіз болған. Ақынның «Қытай қорғаны» өлеңін оқып отырғанда көк түріктің өр ұландарының өткен тарихынан біраз мағлұмат алуға болады. «Ол дәуірде ат пен шерік санынан, Ешкім озып көрген емес Түріктен» деген жолдар пырақ мінген көк түріктің ат тұяғы жеткен Бағдат, Қытай, Иран, Үрім, Дон, Үндістан тәрізді жерлерді қол астына бағындырғанынан хабар берсе, «Миллиардқа мақтан болған бұл қорған – Көк түріктің ерлігінің белгісі» екеніне куә боламыз. Бүгінде қорғанымен әлемге танылған елдің сол қорғанды көк түріктен қорғану үшін салғанын ақын тарихи деректер арқылы әдемі суреттеген.

Ол бірде «Мен, мен едім, мен едім, Алтынның буы – ем едім» деп дүр сілкініп шыға келеді де, 7-8 буынды жыр үлгісімен төнеп-төнеп жібереді. Махамбетше «Мен Дүкен деген ду едім, Саф алтынның буы едім» дей келіп, «Мен, мен едім, мен едім» деген үлгімен жырлай жөнелсе, енді бірде Абайша «Сап, сап көңілім, сап көңілім» деп басу айтып, өректіген көңілді «Әулекіленде, әз-Дүкен, Бұл қазақ ерсіз дейсің бе?!» деп сабасына түсіреді. Енді бірде Жұбанша «Мен – қазақпын!» деп, қазақ болып болып туғанын, Мағжанша көк бөріден жаралғанын мақтан етеді:

Мен – Қазақпын, Түріктің, Көк бөрімін,

Анам – дала, ал атам – көктегі күн.

Қазақ еткен Құдайға ризамын,

Мазақ еткен жылдарға өкпелімін,

Мен – Қазақпын!

Азатпын!

Көк бөрімін! [2, 68].

Ақынның лирикалық өлеңдерінің қатарын «Жан сыры» шер толғауы мен «Туған жер», «Жаншуағым – Отаным», ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Көш-керуен» лирикалық поэмалары толықтырады.

Поэзиясынан үлкен орын алатын келесі туындылар – ән-өлеңдер. Ақынның біраз өлеңдеріне ән жазылып, белгілі әншілердің орындауымен көпшілік тыңдарманға ұсынылып жүр. Оның «Көл бойында», «Ауыл кеші көңілді», «Арайлым», «наурыым – мерекем», «Сөнбейтін алау», «Жеткізбеген арманыңды арманда», «Тұлпар туралы толғау», «Тау кешінде», «Ән сал, жаным», «Елігім-еркем», «Сағым бақыт», «Танагөз», «Сағындырған жайлауым», «Мұзбалақ», «Жай лауым – әнім», «Аймен бірге аяндап», «Махаббаттың тұмары», «Жиырма бес», «Тарылма бауыр» өлеңдеріне ән жазылып, көпшіліктің сүйіп тыңдайтын әндерінің қатарына қосылды.

Сонымен бірге ол көркем аудармаға да өз үлесін қосуда. Бернард Лоррейн, Ли Бай, Ай Чиң, Юй Гуаңчжун, Чжау Лихуа, Чын Дүндүн, Гу Чың тәрізді ақындардың жырларын қазақша сөйлету арқылы ұлттық әдебиетті әлем әдебиетінің жыр жауһарларымен байытты.

Қорыта айтқанда, «Мен – Тәңіртау мұзбалағы – Дүкенмін!» деп көк бөріден жаралып, көктегі күннен нәр алған ақын поэзия көгінде бірде тұлпар болып шапса, енді бірде сұңқар тәрізді көкке самғайды. Ұлт руханиятына өз үлесін қосып жүрген ақын ағамызға поэзия көгінде қанатыңыз талмай самғай беріңіз деген тілек айтамыз.

В статье представлен анализ нескольких лирических стихов из сборников, в которых собраны стихи, написанные с девяностых годов XX века, как: «Өз аспаным өзімде», «Сап, сап көңілім» поэта Д. Масимханулы, а также, об одухотворенных стихах, посвященные сыновей любви к своей родине предков, Отчизне.

The article discusses several lyrical poems by the poet D. Massimkhanuly from collections of poems written since the nineties of the twentieth century, such as "Oz aspanym ozimde", "Sap, sap konilim", which tell about the spiritual poems of his ancestors, Homeland, which he loved with filial love.

«Егемен Қазақстан» газеті № 120(30599) 27.06.2023 ж.